

## *Оқу мен оқытудың қазіргі заманғы әдістері.*

Сергазина Б.А. № 24 жалпы орта білім беретін мектеп.

Оқыту мен оқудың қазіргі заманғы әдістері мұғалімнің күнделікті тәжірибесі мен кәсіби мәнмәтінмен өзара байланыста қарастырылады. III деңгейлік курстың бағдарламасында сабақты өткізу барысында жеті модульді қолдану қарастырылған .

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер ( ОЖТ) Балалар өзінің түсінігін өзіндік зерттеулері мен әлеуметтік өзара байланысқа сәйкес құратын белсенді білім алушылар болып табылады. Бұл тәсілдерге мысалы : кластер құрастыру, сергіту сәті «НИШ»жаттығулары, дүние жүзінің халықтарының амандасу тәсілдерін қолдануға болады. « Ыстық орындық » оқушының көзі байланып сұрақтар қойылады.

2. Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету. (СТО) Оқушының сыни тұрғыдан ойлануын дамыту және мұғалімнің сыни тұрғыдан ойлауын дамыту. Оқушыға қатысты сыни тұрғыдан ойлау ақпарат пен идеяларды синтездеу қабілеті, ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілеті, өзінің оқуына қатысты таңдау жасау және басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі. Мұғалім сыни тұрғыдан ойлауы өзінің жұмыс тәжірибесін , жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалауды қамтиды. Бұл технологияны қолданғанда оқушылар топтарға бөлінеді, алдымен үй тобын құрайды. Әр топта оқушылар нөмірленеді. Мысалы : 1,2,3,4. Одан соң оқушылар нөмірлері бойынша отырғызылады. Әр топтың нөмір бойынша тапсырмалары бар. Әр топ өз тапсырмасын талдайды, ақылдасып, ортақ кластер жасайды. Топтан 1 оқушы шығып кластерді қорғайды. Одан соң оқушылар қайтадан алғашқы үй тобына барады. Мұнда төрт оқушы жиналады. Әрқайсысында өз тапсырмасы бар. Оқушылар өз тақырыптарын ортаға салып, бір-біріне түсіндіреді. Сонда үй тобында ортаға 4 тақырып салынады. Бұл технологияны қолданғанда оқушылар топ алдында сөйлеуге, өз ойын саралауға, ортаға салуға, топпен ақылдасып ортақ бір ой шығаруға, басқаның ойын тыңдауға, сыйлауға үйренеді. Оқушы бойында сенімділік, белсенділік қалыптасады.



3. Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау (ОБЖОҮБ) Оқудың тиімді бағасын және оқыту үшін тиімді бағаны түсіну оқыту мен оқудағы барлық жаңа тәсілдермен тығыз байланысты. Балалар өздерінің түсініктерін құра алатын белсенді оқушылар болатын болса, оқушы алға қадам басуға және оған қолдау көрсету үшін керек. Сабақтарымда бағалау критерийлерінің бірнеше түрлерін қолданамын. Оқушылар стикерлер толтырады (не білемін? не үйрендім? не істей алмадым ?) бағалау кестесін толтыру ( топ ережесін сақтауы, топтық жұмысқа қатысуы, құнды идея айтуы, басқаға түсіндіре білуі, сұрақ қоюы, сұраққа жауап беруі) немесе ( мәтінді талдауы, картамен жұмыс, кластер жасауға қатысуы ) Ауызша бағалау ( әр топтан 1 оқушы шығып 2 жұлдыз, 1 ұсыныс жасайды )



4. Оқыту мен оқуда ақпараттық- коммуналды технологияны қолдану (АКТ). Оқушылар АКТ-ны сыни тұрғыдан пайдалануға үйренеді. Оны ақпаратты алуға, бағалауға, сақтауға, өндіруге, ұсынуға, алмасуға, ол ақпаратты интернет желісінде бірлескен жұмысқа қатысу үшін жібере білуге үйренеді. География сабағында бұл тәсіл оқушыларға өте ұнайды. Мұндай тапсырамаларды оқушылар ынтамен орындайды. Интербелсенді тақтаны тест сұрақтары, кестені сәйкестендіру, семантикалық карта, венн диаграммасы, сөзжұмбақ шешу үшін қолданамын.






5. Талантты және дарынды балаларды оқыту (ТЖДБО) Оқушының қажеттіліктерін түсінуге қатысты ой-пікірлерді, барлық оқушыларды кеңінен оқытуға ықпал ететін оқу бағдарламаларын кеңейту және барлық оқушылардың осындай қажеттіліктерін қанағаттандыратын оқыту мен оқудың сараланған стратегияларын таңдау жөніндегі идеяларды қамтиды. Сабақтарымда осы технологияны анықтау ретінде «Мозайка» әдісін қолданамын. Оқушыларды рөлдерге бөлгенде талантты және дарынды балалар анықталады. «Жуан», «жіңішке» сұрақтарға жауап беру, жұптық, топтық жұмыстар, кластержасау, кластерді қорғау.



6. Оқушының жас ерекшеліктеріне сай оқыту және оқу(ЖЕСО) Бұл модуль оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған, сараланған оқыту. Түрлі жастағы балаларда байқалатын әр түрлі деңгей, балалардың жас шамасына бейімделген сындарлы ынталандыру стратегиясы, әр жастағы балалардың мүмкіндігіне сай беріледі. Оқушылар әр түрлі жас шамасында өзін-өзі бағалауға жауапкершілікті зерделеуді жүзеге асырады. Бұған көбінесе топтағы оқушылардың кластер құрастыруы кіреді.



7. Оқытуды бағалау және көшбасшылық (ОБЖК) Негізгі идеясы сыни тұрғыдан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау нәтижесінде мұғалімнің бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатынына негізделеді. Көшбасшылық мұғалім енгізетін өзгерістер тарапынан қарастырылады. Сондықтан мұғалім көшбасшылығын әр деңгей қырынан қарастыру мақсатында белгіленген. Осы модульдерді қолдана отырып, мұғалім өз тәжірибелері туралы ой-тұжырымдамаларға сүйене отырып өзгереді. Тәжірибелердің жекеленген тұстарын анықтайды, зерттейді, бағалайды және дамытады. Сабақтарымда «Блум» технологиясын қолдану өте тиімді. Ол бірнеше сатыдан тұрады. Олар: білу, түсіну, талдау, жинақтау, қолдану, баға беру.

Білу (кім? не? қандай? қалай? нені? қашан?) сұрақтарына жауап беру.


Түсіну (неге? кімнен? себебі? не үшін?) сұрақтарына жауап беру.

Талдау (кластер құрастыру, семантикалық карта, венн диаграммасы)

Жинақтау (қорытынды шығаруға бағытталған: мазмұнды жүйеле, анықтама бер, кесте, сызба, ребус шешу, кескін картаға түсіру)

Қолдану (тест, дұрыс жауаптың астын сыз, кестені сәйкестендір)

Баға беру (сен қалай ойлайсың? не істер едің? бағалау критерийлері) тапсырмалар өмірдегі жағдаяттарды шешуге бағытталып қойылады.



Бұл технологияларды, модульдерді қолдана отырып, әр оқушының аз дегенде бір пәнге болса да, қызығушылығы оянады. Қабілетсіз бала болмайды, сондықтан оқушы «ұйықтап» жатқан қабілетін «оятып» дамыту және 5-6 сыныптан бастап оқушыны ерте кәсіби бағдарлау мәселелері шешімін табады. Бұл жағдайда оқушы мұғалімнің көмегінсіз өз бетімен білім алып, өзін-өзі басқару арқылы өз бетімен дами алатын тұлғаға айналады және проблематикалық ситуацияларды шешуге, қолдана білу дағдысы қалыптасады. Оқушылар өз бетімен дами алады, өзін-өзі басқара алады. Мұндай сынып өзін-өзі басқаратын ұжымға айналады.



Қолданылған әдебиеттер:

1. « География және табиғат »ғылыми-педагогикалық журнал.№ 6.2014ж.
2. Мұғалімге нұсқаулық . 2013 ж.
3. «География в школах и вузах Казахстана » №5.2015ж.

Лебяжі жалпы орта білім беретін мектеп

# Баяндама

## Оқу мен оқытудың әдістері

География пәнінің мұғалімі : Сергазина Б.А.

2013-2014 оқу жылы



